

№30 (20 947)  
30 шілде,  
2026 жыл, бейсенбі



Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau\_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau\_gazeti
- Atyrau\_news
- Атырау жаңалықтары

\*Бұқара және билік

# Аймақтың дамуы – басты назарда!



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БОЛАТ АҚШОЛАҚОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдай және алдағы кезеңге арналған басым міндеттер туралы баяндалды.

Президентке облыстағы ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуы, мұнай-газ химиясы саласының дамуы, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарының құрылысы жөнінде есеп берілді.

Кездесуде экономиканы әртараптандыру, инженерлік желілерді жаңғырту, көлік инфрақұрылымын жетілдіру, экологиялық ахуалды оңалту және республикалық деңгейде қолдауды қажет ететін жобаларды іске асыру мәселелеріне айрықша назар аударылды.

Мемлекет басшысы Атырау өңірінің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

akorda.kz



Суретті түсірген: Айос КАРИМОВ

\*Әлеуметтік нысандар

## Ескісінің орнына жаңасы

ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ – МИЯЛЫ АУЫЛЫНДА САЛЫНЫП ЖАТҚАН 500 ОРЫНДЫҚ ЖАҢА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ ДЕП ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.



Қызылқоға ауданының құрылыс бөлімінің басшысы Нұрбек Қиякбаевтың айтуынша, ауылдағы бұрынғы «Арман» мәдениет үйі апатты деп танылғандықтан, оның орнына жаңа ғимарат салынуда.

– Екі қабатты мәдениет үйінің құрылысы былтыр мамырда басталды. Қазір қазаншұңқыр қазу және бетон құю жұмыстары толық аяқталды. Құрылыс белгіленген кестеге сәйкес қарқынды жүріп жатыр, – деді Нұрбек Қиякбаев.

Құрылыс жұмыстарын мердігер «Жиенбай» ЖШС жүзеге асыруда. Жалпы ауданы 3618,4 шаршы метрді құрайтын жаңа мәдениет үйінде 500 орындық көрермен залы, әкімшілік кабинеттер, артистерге арналған грим бөлмелері, хореография және үйірме кабинеттері, дыбыс пен жарық операторларының бөлмелері, сондай-ақ техникалық және қосалқы бөлмелер қарастырылған.

Бек АЙДАРӘЛІ


\*Қуанышты хабар

## Атыраулық «Толағай»

Қосшы қаласының 5 жылдық мерейтойына орай өткен «Толағай» алыптар сайысында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің Құрманғазы ауданы ТЖБ №7 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі, азаматтық қорғау аға сержанты пауэрлифтингтен спорт шебері Ерсейіт Бралин жүлделі II орынды жеңіп алды.

Еліміздің 12 қаласынан қатысқан мықтылар күрделі кезеңдер бойынша сынға түсті. Сайыс ережесіне сәйкес олар 1 минут ішінде тасты көтеріп жүру, салмағы 10 келілік найзаны алысқа лақтыру, 100 келілік серке муляжын көтеріп белгіленген уақыт ішінде қашықтыққа жүгіру және салмағы 110 келілік бөренені көтеру сияқты күрделі кезеңдерден өтті.


Өз тілшіміз



КӘСІПКЕРЛІК

7

Ел дамуының тірегі



ЦИФРЛАНДЫРУ

9


«Ауылдан зауыт ашқым келеді»



ҚОРШАҒАН ОРТА

12

Тазалық пен пәктіктің символы



БІЛІМ

13

Қарлығаштың ұясы



\*Еңбек қауіпсіздігі

КЕЙБІР ШАҒЫН САУДА ОРЫНДАРЫ, КАФЕЛЕР МЕН МЕЙРАМХАНАЛАРДЫҢ ИЕЛЕРІ ҚУСА, ҚҰМАЛАҚ ТҮСІРМЕЙТІНДЕРДІҢ ҚАТАРЫНАН БОЛЫП ШЫҚТЫ. ОЛАР АРТЫҚ АҚША ТӨЛЕМЕУ ҮШІН ҚОЛДАРЫНАН КЕЛГЕННІҢ БӨРІН ЖАСАЙДЫ ЕКЕН. ЗАҢДЫ БЕЛДЕН БАСЫП, ЕҢБЕК ШАРТЫН ЖАСАҚТАМАЙТЫН КӨРІНЕДІ.

(Толығырақ 11-бетте)

# Кісі ақысын көп жеген, Арам емей немене?!



Коллажды жасаған: Дәурен МУХАМБЕТАЛІЕВ